



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 18/96
4 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕРІ, ҚЫМБАТТЫ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР!

Сіздерді батырлық пен ерліктің, шыдамдылық пен төзімділіктің мерекесі болған – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгін мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін, Отанымыздың тыныштығын қорғап жүрген еліміздің ер азаматтарын ұлықтайтын, құрметтейтін күн.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Тәуелсіз елімізге қалтқысыз қызмет ету және оны қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Биыл «Халық Қаһарманы» атағының бірінші иегері, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Қарулы Күштердің құрылуы мен қалыптасуында аса маңызды рөл атқарған армияның тұңғыш генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығы атап өтілуде. Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі еліміздің тарихына мәңгілікке жазылған.

Елімізде Отан қорғаушылар мерекесі Ұлы Жеңіс күні қарсаңында атап өтілетіні бекер емес. Себебі, бұл күн – ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісі болған, отты жолдарымен өткен ержүрек жауынгерлер алдында тағзым ететін күн.

Осы орайда, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен жалғыз қазақ, тарихи ерлігін небәрі 21 жасында жасаған Рақымжан Қошқарбаевтың дүниеге келгеніне 100 жыл толуын ерекше атап кетуіміз керек. Қазақстан халқының жадында жас сарбаз Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі мәңгі сақталады.

Кешегі жаһан соғысында Отан үшін отқа түскен қаһармандардың биік тұлғаларын ардақ тұтып, есімдерін естен шығармау – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсін» деген өшпес өсиет қалдырды. Осындай өсиет әрбір Отан қорғаушының жүрегінен орын алып, мәңгілік ұранына айналуы тиіс.

Қадірменді ардагерлер, сарбаздар!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, баршаңызға жақсы денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амандық тілейміз! Еліміз аман болсын! Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

УВАЖАЕМЫЕ ВЕТЕРАНЫ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ И ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ!

От всей души поздравляем вас с праздником мужества и стойкости — Днем защитника Отечества.

С момента создания Вооруженных Сил Республики Казахстан мы каждый раз испытываем чувство уверенности и гордости за тех, кто стоит на страже границ нашего независимого государства, спокойствия и благополучия наших граждан, за тех, кто верен своему гражданскому долгу и достойно несет службу в воинских рядах.

Доблесть и слава наших отцов и дедов досталась нам со времен Великой Победы, и долг нынешних и будущих воинов – поддерживать дух мужества, отваги и патриотизма.

Наши военнослужащие демонстрируют пример высокой профессиональной подготовки, слаженности и боевой выучки. Служба в рядах Вооруженных Сил стала почетной обязанностью каждого казахстанца, нравственной школой патриотизма, основанной на героических и боевых традициях старших поколений.

В каждом доме, каждой семье берегут память о героизме дедов и отцов, гордятся верными сыновьями, которые сегодня на боевом посту обеспечивают безопасность нашей Родины, охраняют мирную жизнь и спокойствие людей.

От всей души желаем доблестным защитникам Отечества здоровья, несокрушимого боевого духа и дальнейших успехов в службе! Счастья, оптимизма и благополучия всем жителям нашего города!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.



ҚАРЫЗСЫЗ
ҚОҒАМ
әлеуметтік жоба

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ

Халықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасы Приозерск қаласында ағымдағы жылдың 1 сәуір мен 26 сәуір аралығында өткізілді. Осы аралықта қала бойынша 195 тұрғыны жоба аясында қаржылық сауатын арттыру бойынша оқу курсынан өтті. Жобаның мақсаты – азаматтарға қаржылық және құқықтық білікті көмек көрсету, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, азаматтардың банктік несиелер мен шағын несиелер бойынша проблемалық қарыздарын шешуге көмектесу.

Оқыту бағдарламасы қаржылық сауаттылықтың негізін, отбасылық бюджет аудитін, жеке қаржыны басқаруды, қаржылық жоспарла-

уды, заңгерлік сүйемелдеуді, бизнес-жоспарларды жазуға көмекті, ШОБ-ты мемлекеттік қолдау жөніндегі ақпаратты қамтиды.

«Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқыту Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім мектептің акт залында, тегін түрде өтеді.

«Қарызсыз қоғам» жобасының келесі оқыту ағымы 10 маусымнан 28 маусымға дейін жалғасатын болады. Жобаға келесі байланыс телефондары арқылы жазылуыңызға болады:

5 39 69 - «Amanat» партиясының Call орталығы, 5 33 81 –

Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

ПРОЕКТ «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»

Проект «Қарызсыз қоғам», направленный на повышение финансовой грамотности населения, проводился в г. Приозерск с 1 по 26 апреля текущего года. За этот период 195 жителей города прошли курс обучения по повышению финансовой грамотности в рамках проекта. Цель проекта - оказание финансовой и правовой квалифицированной помощи гражданам, повышение финансовой грамотности населения, содействие гражданам в урегулировании проблемной задолженности по банковским займам и микрокредитам.

Программа обучения включает в себя основу финансовой грамотности, аудит семейного бюджета, управление личными

финансами, финансовое планирование, юридическое сопровождение, помощь в написании бизнес-планов, информация по государственной поддержке МСБ.

Обучение по проекту будет проходить бесплатно, в актовом зале средней общеобразовательной школы №1 города Приозерск.

Следующий поток проекта «Қарызсыз қоғам» будет продолжаться с 10 по 28 июня. Записаться на обучение можно по следующим контактам, Call центр партии Аманат – 5 39 69, 5 33 81.

Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Биыл - Ұлы Жеңіске 79 жыл. Ұлы Отан Соғысында неміс басқыншыларына қарсы Кеңес Одағының құрамында қазақ халқының ұлдары да қаһармандықпен күресті. Солардың бірі - жерлесіміз, әскери ұшқыш шабуылшы сержант Нұркен Әбдіров болатын.

Нұркен Әбдіров 1919 жылы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезінің 5-ші ауылында (қазіргі Қарқаралы ауданы Нұркен ауылында) шаруа отбасында дүниеге келген. Кейін Нұркен ата-анасымен бірге Қарағанды қаласына қоныс аударады.

Қарағанды қаласында Нұркен өз талабымен әуе клубында оқып, 1939 жылы ұшқыш мамандығын алып шыққан.

1940 жылы Нұркен білімін одан әрі жалғастырып, Орынбор қаласындағы шабуылшы әскери ұшқыштарды дайындайтын авиация училищесінде оқиды. Осы оқу орнын сержант шенімен тәмамдаған Нұркен Әбдіров 1942 жылдың 9 қазанында 267 авиациялық дивизиясының 808 шабуылшы әуе полкі құрамында майданға аттанады.

Нұркен Әбдіров әуе майданында болған 17 шайқасқа қатысып, ерлік пен өжеттіктің, әскери шеберліктің озық үлгісін көрсетті және ол қарулас серіктерінің естеліктері бойынша өзіне берілген әрбір әскери тапсырманы мұқият орындаған.

1942 жылдың 23 қазанында тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында Нұркен өзінің хатында «Менің қолымда жауға қорғасын жаудыратын ұшқыр қанатты самолет. Егер біз фашистерді жоймасақ, олар біздің түбімізге жетеді. Сөйтіп бізге қуанышты, бақытты өмір қайтып оралмайды...» деп жазған екен. Жалпы майдан даласынан үй-ішіне жазған хаттарынан Нұркеннің еліне, анасына деген құрметі мен сағынышын байқаймыз.

Әуе майданында болған 16 шайқаста Нұркен бір өзі жаудың 12 танкісін, әскер мен жүк тиелген 28 автомашинасын, оқ-дәрі тиелген 13 керуенін, жанар май құйған 3 цистернасын, 3 жабық атыс ұясын (дзот), 3 артиллерия зеңбірегін талқандап, 50-ден астам фашист солдаттары мен офицерлерінің көзін жойған.

1942 жылдың 19 желтоқсанында Сталинград түбінде кеңес әскерінің қарсы шабуылы кезінде Нұркен аталмыш қаланың Боков - Пономаревка ауданында орналасқан жау шебіндегі мықты қорғаныс бекеті мен сол жерде



көп мөлшерде шоғырланған танкілерді жою туралы жауынгерлік тапсырма алады. Бұл ұшқышқа берілген 17-ші және ақырғы бұйрық болған еді.

Өзінің ИЛ-2 әскери ұшағымен соңғы рет майдан аспанына көтерілген Нұркен жаудың 6 танкісін, бірнеше жабық атыс ұясын, зенит артиллериясының 2 нүктесін және 20 фашист солдаттары мен офицерлерін жояды, бірақта жанталаса қарсыласқан жау оғынан оның да ұшағы зақымданып, өртене бастайды.

Алайда Нұркен отқа оранып, құлдилап құлаған ұшағын жаудың танкілері мен техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап, елі мен жері үшін өзін құрбан етіп, ерлікпен қаза тапты. Нұркеннің ұшақ эфирінен берілген соңғы сөзі: «Қош болыңдар Отаным, достарым...» болған екен.

Ертеңінде, яғни 20 желтоқсан күні 808 шабуылшы әуе полкінің командирі Красночубенко шайқаста ерлікпен қаза болған Нұркен Әбдіровқа марапаттау парағын толтырып, басшылыққа жолдаған. Осы құжатта Нұркеннің ерлігі ерекше аталып өтіп, оған Кеңес Одағының Батыры атағын беруге ұсыныс жасайды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылдың 31 наурыздағы Жарлығымен Нұркен Әбдіровке қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, сөйтіп Нұркеннің ерлігі бүкіл елге аян болды.

Ресейдің Ростов облысы Вешенск ауданының Нұркен жерленген Коньки хуторында батырға бейнелі зират жасалды. Батырдың ескерткіші Қарағанды қаласында және туған ауылында орнатылды. Қарағанды қаласындағы үлкен даңғылдардың біріне, спорт сарайына және туған ауылына батырдың есімі берілді.

Ресейдің Волгоград қаласындағы атақты Мамаев қорғанында Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровқа арналған тақта орнатылған.

Нұркен Әбдіров туралы Г. Якимов «Мәңгілік өмір шыңына» («Пике в бессмертие») атты деректі повесть бойынша 1966 жылы «Қазақфильм» студиясы фильм шығарды.

Қазақтың белгілі ақыны Сағи Жиенбаев «Қайран шеше» жыр жолдарында Бағжан әженің соғыстан оралмаған баласына деген сағынышын: «Таныдың ба, қарғашым-ау, менмін ғой, Тағы міне ... өзінді іздеп келдім ғой. Жұп-жұқа ғой үстіндегі киімін, Үйге жүрші, үйге жүрші тоңдың ғой» деп суреттеген екен.

Ал жырдың келесі жолдарынан ананың батыр баласының ескерткішіне күн құрғатпай асығып келетіні сипатталған:

Неге асықтың, -

Жаяу, шаршап-шалдығып,

Өкпең өшіп, өзегінді талдырып,

Қашан келіп тілдессең де, жалғызың

Сені күтіп... тұрады ғой мәңгілік.

Батырдың анасын талжылмай күтіп алатынын ақын:

Көріп тұр ол – кең жазира даласын,

Құшырлана жұтып мөлдір ауасын

Осы арадан аттанып еді ұрысқа,

Осы арадан күтіп алмақ Анасын – деп

түйіндейді.

1944 жылдың 15 тамызында Қарағандының кеншілері өз қаражаттарына әскери ұшық жасақтап, оған Нұркен Әбдіровтың есімін беріп, майданға аттандырған болатын. Бұл ұшақ батырдың ерлігін жалғастырып, Ұлы Жеңіс Күніне дейін жауға қарсы пайдаланылған.

Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровқа қатысты тарихи құжаттар 70 жылдан астам уақыт зерттеліп келе жатқанымен және ол туралы көптеген мақалалар жарық көргенімен, Нұркен батырдың соғысқа дейін Қарағанды облысы прокуратурасында қызмет атқарғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Нұркен Әбдіров прокуратурадағы еңбек жолын облыс прокуроры Ардаковтың 1938 жылдың 26 шілдедегі бұйрығы негізінде бөлім хатшысы болып бастаған

болатын, кейін зеректігі арқасында оның жалақысы смета бойынша есептеліп, арнайы бөлімге ауыстырылған. Сол жылы қыркүйек айында облыс прокуратурасының бөлім хатшысы Нұркен Әбдіров әскери комиссариаттың шақыруымен әскери дайындықтан өткен (облыс прокуроры Ардаковтың 1938 жылдың 31 тамызындағы бұйрығы соған дәлел).

Әскери дайындықтан өткен соң Нұркен Әбдіров облыс прокурорының міндетін атқарушы Тапеновтың 1938 жылдың 3 қазанындағы бұйрығымен облыс прокуратурасының істерін басқарушы, ал 1939 жылдың 21 тамызынан бастап көтермелеу тәртібінде облыс прокуратурасының тергеушісі болып тағайындалған.

Қазақ ССР-нің прокуроры И. Барановтың 1939 жылдың 19 қыркүйегіндегі бұйрығымен Нұркен Әбдіров Қарағанды қаласы Сталин ауданының тергеушісі болып тағайындалып, Қызыл Әскер қатарына шақырылғанға дейін осы қызметті атқарыпты.

Облыс прокуратурасының басшылығының әскери комиссариатқа берілген мінездемесіне сәйкес, Нұркен Әбдіров қызметін адал орындайтын, тәртіпті және қабілетті қызметкер болған екен.

Ұлы Отан соғысында қарапайым қазақ баласы Нұркен Әбдіров 23 жасында жанқиярлық ерлікпен қатар, жоғары әскери шеберлік, парасаттылық пен қайсарлық таныта білді. Сөйтіп оның ерлігі замандастарына және кейінгі ұрпаққа үлгі, қаһармандықтың өшпес өнегесі болды.

Жазушы М.Федоров өзінің «Бессмертие» шығармасында былай деген екен (сөзбе сөз): «Даже там, в бандитской Германии, скоро забудут имена громил, наших бесславный конец в снежных просторах России. Зато о нем, о Нуркене, будет помнить благодарный народ».

Нұркеннің өшпес ерлігін оның анасы Бағжан әже: «Сен істеген шахта - Сенің атыңда, Қаладағы бақта - Сенің атыңда. Өзің туған ауыл - Сенің атыңда, Туған жердің тауы - Сенің атыңда....., Күннен-күнге аласарып барамын, Күннен-күнге сен барасың биіктеп» - деп түйіндейді.

*Приозерск қаласының
прокуроры
әділет кеңесшісі
Рауан ТОБЫҚОВ*



ДЕПАРТАМЕНТ 250 ГЕКТАР ЖЕРГЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің функцияларының бірі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

Атап айтқанда, биылғы жылы Осакаров ауданының тұрғыны ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін 250 гектардан астам жер учаскесін беруден негізсіз бастарту фактісімен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне шағым білдірген.

Аталған шағым негізінде, Департамент (бұдан әрі - Департамент) қызметкерлері Осакаров ауданының әкімдігінде жоспардан тыс тексеріс жүргізіп, мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгенін анықтады.

Тиісінше шағымды қарау нәтижесі бойынша Осакаров ауданы әкімдігінің атына бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым енгізілді.

Осылайша, Департаменттің тікелей араласуымен көрсетілетін қызметті алушыға жер комиссиясының шешімімен Осакаров ауданында ауыл шаруашылығы қажеттіліктерін жүргізу үшін 250 гектардан астам жер учаскесі беріліп, қызмет алушының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтірді.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі Департаменттің ерекше бақылауында.

*Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы
Темиржанов К.М.*

ДЕПАРТАМЕНТОМ ВОССТАНОВЛЕНЫ ПРАВА НА 250 ГЕКТАР ЗЕМЛИ

Одной из функций Агентства по делам государственной службы является контроль за качеством оказания государственных услуг и недопущения нарушения требований законодательства в сфере оказания госуслуг, а также восстановление нарушенных прав и законных интересов услугополучателей.

Стоит отметить, что в этом направлении Агентством и его территориальными департаментами в прошлом году были восстановлены нарушенные права более 100 услугополучателей.

В частности, восстановлены нарушенные права жителя Осакаровского района Карагандинской области, который обратился с жалобой в Департамент Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области (далее - Департамент) в отношении МИО Осакаровского района с фактом необоснованного отказа при предоставлении земельного участка для сельскохозяйственных нужд, площадью более 250 гектар.

В свою очередь, Департаментом была назначена внеплановая проверка в МИО Осакаровского района по итогам, которой был установлен факт неправомерности действий со стороны акимата Осакаровского района, что при-


вело к нарушению законности. По итогам рассмотрения жалобы в адрес акимата Осакаровского района Департаментом было внесено предписание об устранении нарушений законности путем повторного рассмотрения заявления услугополучателя с дальнейшим предоставлением земельного участка для сельскохозяйственных нужд.

Таким образом, при содействии Департамента услугополучателю решением земельной комиссии был предоставлен земельный участок площадью более 250 гектар в Осакаровском районе с целевым назначением для ведения сельскохозяйственных нужд, чем были восстановлены нарушенные права и законные интересы услугополучателя.

Вопрос восстановления нарушенных прав и законных интересов находится на особом контроле в Департаменте Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области.

*Главный специалист
Управления государственных услуг Департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области
Темиржанов К.М.*

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ІС-ШАРАЛАРЫ



Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық және салық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Мемлекеттік кірістер комитеті мен барлық бизнес өкілдерінің «Салықтөлеуші кабинеті» интегралды ақпараттық жүйесіне өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Салықтөлеуші кабинеті» жаңа ақпараттық жүйесіне жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар толықтай көшіп жұмыс атқарып отыр. Соның арқасында бизнес өкілдерімен Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсатының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында салық орғанда-

рының жұмыс сапасы жоғарылап, кәсіпкерлердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарды.

«Салықтөлеуші кабинеті» жүйесін енгізу салықтық есептілікті енгізу, өңдеу, орындау рәсімдерінің айқындығын жоғарылатады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039)7-01-01) қызмет жасауда.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді.

Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын жеке табысы мен мүлкі туралы декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады.

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстарыстары алға қойылған.

Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттердің абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

*Б. Нұрмағанбетова
Приозерск қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының бас маманы*



Қазақстан тәуелсіздік табыл-дырығын аттағанына, міне отыз жылдан астам уақытты артқа тастады. Қазақстан осы жылдарда – әлемдік қауымдастықтың белді мүшелерінің қатарынан табылды. ТМД елдері ішінен бірінші болып ЕҚЫҰ-на төрағалық ету абыройына ие болды. Еуропалық және Азиялық саяси оқиғалардың түйіткіл мәселелерін шешуге белсене араласып, биік белестерден көріне білді. Сонау 1991-жылдан бері, біз Елтаңбамызды бекітіп, арғы-бергімізді түгендеп түйіп, Алтай мен Атырау арасын тұтастырған шекарамызды шегендеп, Сарыарқа төсінен айбарлы Елордамыздың іргесін көтеріп, еңсесін тіктедік. Осы отыз жыл қазақ әскері мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне де ықпалын тигізгені анық. Себебі қазір Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне үлкен жауапкершілік міндеттелуде. Менің ойымша Отанмызды қорғау ісі – Қазақстан Республикасының бүкіл халқының ісі. Отан Қорғау әрбір азаматтың міндеті. Себебі Отан бәрімізге ортақ.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір егемен елдің, оның ішінде Қазақстанның да басты мақсаты екендігін ұмытпағанымыз жөн. Жалпы аланда ұлттық қауіпсіздік дегеніміз – аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету. Отанға деген сүйіспен-

шілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне апаратын жалғыз жол. Кеңестер Одағы тараған соң, орта оқу орындарынан алғашқы әскери дайындықты алып тастау – жастарға патриоттық тәрбие беру, оларды әскер қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізді. Ал, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-жылдың 1-қарашасындағы «Алғашқы әскери дайындық» туралы қаулысына сәйкес, еліміздің барлық орта білім беретін оқу орындарында арнайы сабақтар жүргізілуде. Әскери қызмет, бұл азаматтың нағыз патриот, ел қорғаны болу жолындағы алғашқы мектебі болып табылады. Әскерде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген әр қазақ баласы, өзінің нағыз азамат екенін сезінеді. Себебі Отан алдындағы борышын өтеу, әр азаматтың міндеті. Кешегі күнге көз тастасақ, жаппай аштыққа ұшырау, қазақтардың өз тарихи Отанынан көшіп кетуіне ықпал еткен сталиндік ұжымдастыру шаралары қасіретті із қалдырған болатын. Осындай қасіреттің болғанына қарамастан, қазақ елі қаймықпай дәл бүгінгі күнге жетті. Осы орайда, біз әлемнің барлық ресми тұрғыда танылған ядролық державаларының Қазақстанға бірлескен және жан-жақты қауіпсіздік кепілдіктерін беруіне қол жеткіздік. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік

мемлекет ретінде орнықтырады.

Патриотизм – адамдардың өз Отанына деген сүйіспеншілігі мен адалдығын көрсететін сезім. Ол адамның өз Отанын күшті де айбынды етіп, гүлдендіруге ұмтылуымен сипатталады, қандай да бір қастандық әрекеттерден Отанын қорғауға дайын болуын білдіреді. Патриотизм сезімі – өз халқының әлеуметтік, мәдени жеңістері үшін мақтану, оның жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарау. Патриотизм, сондай-ақ туған жерге, ата-бабасы жатқан жерге құштарлық сияқты терең перзенттік махаббатты да білдіреді. Қазіргі жағдай да Республиканың әр азаматы Отанның қауіпсіздігі, Қазақстан халқының бақыты мен гүлденуі оның қорғаныс күатының күшеюіне, біздің әскери ұйымның нығаюына байланысты екенін түсінуінің маңызы зор. Қазақстанның қазіргі армиясы толық технологиямен қамтамасыз етілген. Болашаққа көз жібертсек қазақ әскері темірдей берік, айбынды әскерге айналуға. Отан – бәрімізге ортақ. Отан деген – қазағымның қара шаңырағы. Отанға деген сүйіспеншілік, махаббат бәріне де ыстық.

Біздің Приозерск қаласында бүгінгі таңда әртүрлі саладағы бірнеше әскери бөлімдер, оларға қызмет ететін аудандық пайдалану бөлімі және әскери полиция қызмет етеді. Аталған бөлімдерде қала тұрғындары, жігіттер мен

әйел-қыздар қызмет жасап, өздерінің отбасыларын асырап отыр. Сондықтан олар бізге де бөтен емес. Қаладағы мәдени-көпшілік шараларға қатысып, қала тұрғындарымен бірге тыныс-тіршілік жасауда. Қазақ сарбаздарының кәсіби мерекесіне орай оларды құттықтай отырып, төмендегі жырымды сыйлаймын. Төл мерекелеріңмен, қазақтың сарбазы – Отанның айбары, сайыпқырандар! Алға бас адымдап, Сарбазы қазақтың. Жайнай түс жалындап, Жолында азат күн.

Халқымның ұланы,
Азаттық – ұраны.
Елімді, жерімді,
Қорғайтын қыраны.

Жігерлі жас ұлан,
Халқымның қорғаны.
Бойда қан тасыған,
Тыныштық арманы.

Сәуле бер Күн болып,
Елімнің көгінде.
Сақшы бол түн қорып,
Жерімнің шебінде.

Сен сарбаз атандың,
Антыңды орында.
Тәуелсіз Отанның,
Тағдыры қолыңда!

*Газеттің арнаулы тілшісі
Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №18/96, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.
Балаларға тыйым салынған.